

Қазақстан Республикасының экономиканы өзгерту қорының және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қорының қаржысын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 29 желтоқсан N 1307. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.09. N 809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қорының ағымдағы есеп шотына қаражат аударуды мемлекеттік күрделі салымдарды қаржыландырудың шығыс кесте-жоспарының негізінде, онда объектілерді көрсетусіз және басқа құжаттар табыс етусіз жүргізу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау мен

бәсекелестікті дамыту қоры және оның облыстық бөлімшелері:

Қазақстан Республикасының Экономиканы өзгерту қорынан бөлінген қаржыны қайтарымдық пен төлемдік шарттары бойынша беретін болсын;

қаржыландырушы банктермен бірлесіп, бұл қаржының мақсатты пайдаланылуын әрі дер кезінде қайтарылуына бақылау орнатсын;

Қазақстан Республикасының Экономиканы өзгерту қорының Үйлестіру кеңесіне 1994 жылдың бірінші жарты жылдығының жұмыс қорытындылары бойынша бөлінген қаржының пайдаланылуы туралы ақпарат табыс етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

